*Қазақстан Республикасы, А26С7Х9, Алматы қ., Қарасай батыр көшесі 34*  
*Телефон: (727) 339 20 41, 339 20 42*



中亚丝路保险有限公司  
Sinoasia B&R Insurance

**«SINOASIA B&R (СИНОАЗИЯ БИЕНДАР)»СК» АҚ  
МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ  
ЕРЕЖЕСІ**

**Алматы қ., 2024 жыл**

## МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ .....	4
3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙ .....	4
4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ .....	4
5. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ .....	4
6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ .....	5
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ .....	7
8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ .....	7
9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР	10
10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ .....	10
11. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН АДАМҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ .....	11
12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ .....	11
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ .....	13
14. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ .....	13
15. МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	13
16. ҚОСЫМША ШАРТТАР .....	14



## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**1.1.** Осы Міндетті экологиялық сақтандыру Ережелері (әрі қарай – «Ережелер») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен 2005 жылғы 13 желтоқсандағы №93-III «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – «Заң») және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес әзірленді.

**1.2.** «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» АҚ (бұдан әрі – «Сақтандырушы») Ережелер негізінде экологиялық қауіпті шаруашылық және басқа да қызмет түрлерімен айналысатын жеке және (немесе) заңды тұлғалармен Міндетті экологиялық сақтандыру туралы шарт (бұдан әрі – «сақтандыру шарты») жасасу арқылы Міндетті экологиялық сақтандыруды жүзеге асырады.

**1.3.** Міндетті экологиялық сақтандырудың мақсаты – экологиялық жағынан қауіпті шаруашылық және басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде апат салдарынан табиғаттың құрамдас бөліктеріне келтірілген экологиялық зиянды жоюды қамтамасыз ету.

**1.4.** Міндетті экологиялық сақтандыруға экологиялық жағынан қауіпті шаруашылық және басқа да қызмет түрлерімен айналысатын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады. Экологиялық жағынан қауіпті шаруашылық және басқа да қызмет түрлерінің тізімі уәкілетті орган тарапынан анықталады.

**1.5.** Ережелерде қолданылатын негізгі ұғымдар:

- 1) апат - ғимараттардың, құрылымдардың және (немесе) техникалық құрылғылардың бұзылуы, бақылаусыз жарылыс және (немесе) қауіпті (зиянды) заттардың шығарылуы;
- 2) пайда алушы - сақтанушы немесе сақтандыру төлемі арқылы экологиялық зиянды жою міндеттемесі бар басқа да тұлға;
- 3) Экологиялық жағынан қауіпті шаруашылық және басқа да қызмет түрлерімен айналысатын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі: апат салдарынан келтірілген экологиялық зиянды жою міндеттемесі;
- 4) Сақтандыру шарты – Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында осы Ережелерде белгіленген шарттар бойынша жасалатын сақтандыру шарты;
- 5) сақтандырылған - өзіне қатысты міндетті экологиялық сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 6) міндетті экологиялық сақтандыру - апат салдарынан келтірілген экологиялық зиян нәтижесінде туындайтын міндеттемелерді қамтамасыз ету мақсатында (сақтандырылған) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі іс-әрекеттер кешені;
- 7) сақтандыру жағдайы - сақтандыру шартының орын алуымен сақтандыру төлемінің жүзеге асырылуын көздейтін оқиға;
- 8) сақтандыру сомасы - міндетті экологиялық сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 9) сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушы сақтандырушыға соңғысының пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 10) сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушының пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төленетін ақшалай сома;
- 11) сақтандырушы - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;
- 12) сақтанушы - экологиялық жағынан қауіпті шаруашылық және өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыратын және Сақтандырушымен міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқан жеке және (немесе) заңды тұлға;
- 13) үшінші тұлғалар - міндетті экологиялық сақтандырудан туындайтын рәсімдерге тартылған құқықтық қатынастардың субъектілері;
- 14) уәкілетті орган - қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері;

- 15) экологиялық жағынан қауіпті шаруашылық және өзге де қызмет түрлері - апат болған жағдайда экологиялық зиян келтіруі мүмкін жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қызметі.

## **2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ**

**2.1.** Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның Заңда белгіленген көлемде және тәртіппен апат салдарынан келтірілген экологиялық залалды өтеу жөніндегі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген өз міндетіне байланысты мүліктік мүддесі міндетті экологиялық сақтандыру объектісі болып табылады.

## **3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ**

**3.1.** Авария салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) бойынша Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады

**3.2.** Сақтандыру жағдайының туындағанын және оның салдарынан келтірілген зиян көлемін дәлелдеу міндеті Сақтанушыға (пайда алушыға) жүктеледі.

**3.3.** Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартса, онда сақтандыру жағдайы Сақтанушының келтірген экологиялық зиянын жою туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап туындаған деп есептеледі.

**3.4.** Сақтандыру төлемінің мөлшері экологиялық зиянды жою (ремедиация) құны негізінде, осы Ережелердің 6.8-тармағын ескере отырып, Сақтандырушы тарапынан анықталады.

## **4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ**

**4.1.** Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімімен сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ келесі шектерден кем болмауы тиіс:

- 1) Жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғамен жасалған міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сол қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 5000 еселенген мөлшерінен;
- 2) Заңды тұлғамен жасалған міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сол қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген АЕК-тің 65000 еселенген мөлшерінен.

## **5. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

**5.1.** Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімімен сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ осы Ережелердің 4-бөлімінде көзделген жағдайларда ол сақтандыру сомасының 0,76%-дан 2,65%-ға дейінгі мөлшерінен аспауы тиіс.

**5.2.** Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімі сақтандыру шартында белгіленеді.

**5.3.** Егер міндетті экологиялық сақтандыру шартымен өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысын белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, Сақтанушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде Сақтандырушыға өсімпұл төлеуге міндетті.

**5.4.** Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын өзінің интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу мүмкіндігін ұсынады.

## **6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ**

**6.1.** Міндетті экологиялық сақтандыру осы Ережелерге, Қазақстан Республикасының Заңына, Экологиялық кодексіне және Азаматтық кодексіне сәйкес Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

**6.2.** Экологиялық жағынан қауіпті шаруашылық және өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасаспай өз қызметін жүргізуге құқылы емес.

**6.3.** Егер бір объектіге қатысты экологиялық жағынан қауіпті қызметті екі немесе одан да көп меншік иелері жүргізсе, міндетті экологиялық сақтандыру шарты олардың біреуімен жасалады, бірақ сақтандыру полисінде объектінің барлық иелері сақтандырылған тұлғалар ретінде көрсетілуі тиіс.

**6.4.** Сақтандыру шартын жасасуға негізі Сақтанушының өтініші болып табылады.

**6.5.** Міндетті экологиялық сақтандыру шарты Сақтандырушының электронды түрде сақтандыру полисін рәсімдеуі арқылы жасалады.

**6.6.** Сақтандыру полисі, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 826-бабында көрсетілген талаптардан бөлек, Сақтандырушының бір сақтандыру жағдайына қатысты жауапкершілігінің шекті мөлшерін қамтуы тиіс.

**6.7.** Міндетті экологиялық сақтандыру бойынша полистің мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

**6.8.** Сақтанушының қалауымен міндетті экологиялық сақтандыру шарты Сақтандырушыға жазбаша жүгіну немесе Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы электрондық ақпараттық ресурстар алмасуы арқылы жасалуы мүмкін.

**6.9.** Сақтандыру шарты экологиялық жағынан қауіпті шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде орын алған апат салдарынан келтірілген экологиялық зияннан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейді.

**6.10.** Шартта көзделуі тиіс талаптардың толық болмауына Сақтандырушы жауапты. Егер шарттың жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаса, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

**6.11.** Электронды түрде жасалған міндетті экологиялық сақтандыру шартын тіркеу кезінде, мәліметтер базасын қалыптастыру және жүргізу ұйымы, Сақтандырушы және Сақтанушы (сақтандырылған, пайда алушы) арасында Сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі арқылы электрондық ақпараттық ресурстар алмасу жүзеге асырылады.

**6.12.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу үшін электрондық формада өтініш берген кезде Сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану талап етілмейді.

**6.13.** Мәліметтер базасын жүргізу ұйымының интернет-ресурсында міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын жасау және сақтандыру жағдайларын электронды түрде реттеу үшін қолданылатын Сақтандырушының интернет-ресурсына сілтеме орналастырылады.

**6.14.** Мәліметтер базасын жүргізу ұйымы мен Сақтандырушы, сондай-ақ Сақтандырушы мен Сақтанушы (сақтандырылған, пайда алушы) арасындағы электрондық ақпараттық ресурстар алмасу тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

**6.15.** Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы міндетті:

- 1) міндетті экологиялық сақтандыру шартының жасалғаны немесе шартты жасаудан бас тартылғаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы Сақтанушыға жедел түрде электрондық хабарлама жіберуге.

- 2) Сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы жасалған сақтандыру шарты бойынша ақпаратты тексеру мүмкіндігі;
- 3) Сақтандыру шартының электрондық түрде сақталуын және Сақтанушы (сақтандырылған, пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- 4) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) Сақтандырушыға электронды түрде ақпарат (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар мен мәліметтер) жолдау мүмкіндігі. Бұл мәліметтер келесі мақсаттар үшін берілуі мүмкін:
  - а) мәліметтерді өзгерту, міндетті экологиялық сақтандыру шартын қайта ресімдеу;
  - б) шартты мерзімінен бұрын бұзу;
  - в) сақтандыру жағдайының туындауы (немесе сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға) туралы хабарлау;
  - г) апат салдарынан келтірілген экологиялық зиян көлемін бағалау;
  - д) сақтандыру төлемін алу;
  - е) Заңның 22-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша туындайтын дауларды реттеу.

**6.16.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартының жасалғаны туралы хабарлама сақтандыру бойынша бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым тарапынан жіберіледі.

**6.17.** Мұндай хабарламаның тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

**6.18.** Егер міндетті экологиялық сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, міндетті экологиялық сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен жасасқан кезде Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап сақтандыру шартын жасасқан болып есептеледі.

**6.19.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен жасасқан кезде Сақтанушы өзіне ұсынылған шарттарда қосылу шартын жасасуға өзінің келісімін растай отырып, осы Ережеде, Заңда көзделген сақтандыру шарттарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын (бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді.

**6.20.** Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсы арқылы міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын тәулік бойы жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

**6.21.** Сақтандыру агенттерінің міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын жасау қызметіне жол берілмейді.

**6.22.** Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.

**6.23.** Сақтандырушы, өзінің және басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдаланған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының 15-2-бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес, сақтандыру шартының мерзімі аяқталғаны туралы алдын ала хабарлама жіберуді қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте хабарлама тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

## **7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ**

**7.1.** Сақтандыру шарты осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес экологиялық зиянды жоюға міндетті тұлғаларға қатысты қолданылады.

7.2. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты шартта белгіленген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болып табылады.

7.3. Сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап кемінде 12 (он екі) ай мерзімге қолданылады.

7.4. Сақтандыру шартының әрекет ету аясы, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

## 8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 8.1. Сақтандырушы:

- 1) ақтандыру шартын жасасу кезінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мен экологиялық заңнамасында көзделген мәліметтерден бөлек, Сақтанушыдан сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді, соның ішінде бұрын жасалған міндетті экологиялық сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары мен төлемдері туралы ақпаратты сұратуға;
- 2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне сүйене отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісін, экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын растайтын құжаттарды сұратуға;
- 3) Экологиялық зиян келтіру тәуекелін бағалау, оқиғаның себептері, салдары мен көлемі жөніндегі толық әрі нақты ақпаратты Сақтанушыдан және Сақтандырылған тұлғадан талап етуге;
- 4) Экологиялық зиянды жою (ремедиациялау) құнын бағалауды жүзеге асыруға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын анықтауға
- 5) Апат салдарынан келтірілген экологиялық зиян көлемін және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 6) Сақтандыру жағдайына дейін және одан кейін Сақтанушы жүзеге асыратын экологиялық жағынан қауіпті қызмет пен қоршаған ортаның жай-күйіне өз бетінше зерттеу жүргізуге;
- 7) осы Ереженің 11-бөлімінде көзделген жағдайларда экологиялық залал келтіруге жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын беруге;
- 8) Осы Ережелердің 12-бөлімінде көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен толықтай немесе ішінара бас тартуға;
- 9) Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына, сондай-ақ Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес клиентті тексеру мақсатында Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
- 10) Сақтанушының операцияларын талдау барысында олардың заңсыз табыстарды заңдастыру немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында қолданылғанына күмән туындаған жағдайда іскерлік қатынастарды тоқтатуға **құқылы**.

8.1.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шартымен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

### 8.2. Сақтандырушы:

- 1) Сақтанушыны міндетті экологиялық сақтандыру шарттарының мазмұнымен, соның ішінде осы шарттан туындайтын құқықтары мен міндеттерімен таныстыруға, және Сақтанушының талабы бойынша ережелердің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);
- 2) Сақтандыру шартын жасасуға өтініш берген тұлғаға ұсынылған құжаттардың толық тізімі көрсетілген анықтама беруге.

- 3) Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтандыру полисін беруге;
- 4) Міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғауының қолданылу мерзімінде туындаған сақтандыру жағдайы (немесе сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабарлама алған сәтте оны дереу тіркеу, сондай-ақ бұл оқиға жөніндегі ақпаратты сақтандыру дерекқоры базасын жүргізетін ұйымға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жіберуге;
- 5) Сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша өтініші бойынша апат салдарынан келтірілген экологиялық зиянды жою (ремедиациялау) құнын бағалау, сақтандыру төлемінің мөлшері көрсетілген сақтандыру актісін құрастыру және оны Пайда алушының танысуына ұсыну;
- 6) Егер сақтандыру жағдайының туындағанын және төлем мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз немесе дұрыс рәсімделмеген болса, олар алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге, сондай-ақ жетіспейтін немесе қате рәсімделген құжаттардың толық тізімін хабарлауға;
- 7) Сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде төлеуге;
- 8) Апат салдарынан экологиялық зиянды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушы (Пайда алушы) жұмсаған шығындарды өтеуге;
- 9) Сақтандыру құпиясын сақтау;
- 10) сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Сақтанушыға осы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) күн ішінде бас тарту себептерінің жазбаша негіздемесін және Сақтанушының (Сақтандырылғанның, Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлама жіберуге;
- 11) Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш түскен жағдайда, 5 (бес) жұмыс күні ішінде оны қарастырып, дауды реттеудің одан арғы тәртібі көрсетілген жазбаша жауап беруге;
- 12) сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта бағыттауға **міндетті**.

8.2.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шартымен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

### **8.3. Сақтанушы (Сақтандырылған):**

- 1) Міндетті экологиялық сақтандыру шарттары, сондай-ақ өзінің құқықтары мен міндеттері туралы Сақтандырушыдан түсіндірме талап етуге;
- 2) Апат салдарынан келтірілген экологиялық зиянды жою (ремедиациялау) құнын бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 3) Апат салдарынан келтірілген экологиялық зиянды жою құнын бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемінің есебі нәтижелерімен танысуға (оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы);
- 4) Міндетті экологиялық сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға (бұл құқық тек Сақтанушыға тиесілі);
- 5) Сақтандыру омбудсманына өтініш пен оған қоса берілген құжаттарды тікелей немесе интернет-ресурс арқылы, сондай-ақ Сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі немесе басқа құрылымдық бөлімшесі арқылы жолдауға;

- 6) Заңда белгіленген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;
- 7) Міндетті экологиялық сақтандыру шартына байланысты мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының 22-1-бабын ескере отырып Сақтандырушыға, немесе сақтандыру омбудсманына не сотқа жүгінуге **құқылы**.

8.3.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шартымен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) өзге де құқықтары көзделуі мүмкін.

#### **8.4. Сақтанушы (Сақтандырылған):**

- 1) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйақыларын төлеуге;
- 2) Сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы Сақтандырушыны хабардар етуге;
- 3) Сақтандыру жағдайының туындауы туралы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге;
- 4) Апат жағдайында экологиялық зиянның алдын алу немесе оны азайту үшін қалыптасқан жағдайларда орынды және қолжетімді шараларды қабылдауға;
- 5) Апат салдарынан экологиялық зиян және зардап шеккен адамдар туралы құзыретті органдарға (өртке қарсы қызмет, жедел жәрдем, авариялық қызметтер, уәкілетті орган) хабарлауға;
- 6) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 7) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының және Сақтандырушының ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Сақтанушыны (Пайда алушыны) тиісінше тексеру үшін, оның ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтандырушыға қажетті құжаттарды, мәліметтерді ұсынуға **міндетті**.

8.4.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтанушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

#### **8.5. Пайда алушы:**

- 1) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) экологиялық жағынан қауіпті шаруашылық және өзге де қызмет түрін жүзеге асырған кезде орын алған сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинап, Сақтандырушыға ұсынуға;
- 3) Апат салдарынан келтірілген экологиялық зиянның сипаты мен ауқымын анықтау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 4) Апат салдарынан экологиялық зиянды жою құны мен сақтандыру төлемі мөлшерінің Сақтандырушы (немесе тәуелсіз сарапшы) жүргізген бағалауға;
- 5) Осы Ережелерде белгіленген тәртіп пен мерзімде сақтандыру төлемін алуға;
- 6) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына өтінішті (тікелей, интернет-ресурс арқылы, сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі немесе құрылымдық бөлімшесі арқылы) жолдауға;
- 7) Заңның 22-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсменіне немесе мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге **құқылы**.

## **9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР**

**9.1.** Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап Сақтандырушыға Сақтанушы немесе Пайда алушы тарапынан жазбаша түрде, оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес және төмендегі құжаттармен қоса ұсынылады. Сақтандырушының талабы бойынша өтініш беруші, егер бұл құжаттар электрондық форматта мемлекеттік органдардың дерекқорларында немесе ақпараттық жүйелерінде жоқ болса, құжаттардың келесі түпнұсқаларын ұсынуға міндетті:

- 1) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтініш;
- 2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес бекітілген ремедиация бағдарламасының көшірмесі;
- 3) экологиялық зиянды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушы жасаған шығындарды растайтын құжаттар – егер бар болса;
- 4) жекелеген жағдайларда – сот шешімі, онда Сақтанушының сақтандыру жағдайына жауапты екені танылған.

**9.2.** Сақтандырушы құжаттарды қабылдағаннан кейін құжаттардың толық тізімін және қабылданған күнін көрсететін анықтама беруге міндетті.

**9.3.** Сақтанушы (сақтандырылған, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жіберген жағдайда Сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық формада ұсына алады.

**9.4.** Сақтандыру жағдайын реттеу туралы өтініш электронды түрде берілген жағдайда, Сақтанушыдан арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану талап етілмейді.

## **10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ**

**10.1.** Сақтандыру төлемі апат салдарынан келтірілген экологиялық зиянды жою (ремедиация) құнынан аспауы тиіс.

**10.2.** Экологиялық залалды, оның ішінде сақтандыру төлемі есебінен жоюға міндетті Сақтанушы немесе өзге тұлға пайда алушы болып табылады.

**10.3.** Сақтанушының (пайда алушының) жазбаша өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша сақтандыру төлемі апат салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою жөнінде қызметтер көрсеткен (көрсетіп жатқан) тұлғаға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.

**10.4.** Сақтандыру төлемін сақтандырушы Осы ережелердің 9.1-тармақта көзделген құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде жүргізеді.

Сақтандыру төлемінің мөлшерін пайда алушы даулаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Ереженің 10.4-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-бірі дауласпайтын бөлігінде дереу жүзеге асыруға міндетті.

Даулы бөлікті төлеу Сақтандырушы тарапынан сотпен бекітілген татуласу келісімі жасалған күннен бастап немесе сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады (егер шешім дереу орындалуға жатпаса).

**10.5.** Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы Пайда алушыдан өз құқықтарын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқылы емес.

**10.6.** Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.



**10.7.** Сақтандырушы өз интернет-ресурсы арқылы сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде мынадай мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге міндетті:

- 1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен электрондық хабарлама түрінде реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды (бас тарту себептерін көрсете отырып) қоса алғанда, сақтандыру жағдайын реттеу процесінің негізгі кезеңдері туралы Сақтанушыны (сақтандырылғанды) хабардар ету;
- 2) Сақтанушының (сақтандырылғанның, пайда алушының) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы жөніндегі ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігі;
- 3) Сақтанушы (сақтандырылған, пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, сақтандыру жағдайы бойынша ақпаратты сақтау.

**10.8.** Сақтандырушы Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларын тәулік бойы реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

**10.9.** Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарлама дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.

## **11. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН АДАМҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ**

**11.1.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушы төлем сомасы шегінде Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) қайтару талабын қоюға келесі жағдайларда құқылы:

- 1) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру жағдайымен себепті байланысы бар қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны заңда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен дәлелденсе;
- 2) Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру нысанасы, тәуекелі, жағдайы немесе салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер берген болса;
- 3) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға қарсы өз талап ету құқығынан бас тартса, не Сақтандырушыға бұл құқықты беруге қажетті құжаттарды ұсынудан бас тартса.

**11.2.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтанушының экологиялық залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы ауысады, оны жою құнын міндетті экологиялық сақтандыру шартына сәйкес сақтандырушы төлейді.

## **12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ**

**12.1.** Сақтандырушы мына жағдайларда сақтандыру төлемін толықтай немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы:

- 1) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына әдейі бағытталған немесе оның туындауына ықпал еткен қасақана әрекеттері (қажетті қорғану не төтенше қажеттілік жағдайларындағы әрекеттерді қоспағанда);
- 2) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен, сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.

**12.2.** Сақтандырушының сақтандыру төлемінен бас тартуына негіз болатын өзге де жағдайлар:

- 1) экологиялық залал келтіруге кінәлі адамнан Сақтанушының шығыстарды тиісінше өтеуін алуы;
- 2) Сақтандырушыны осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу;

- 3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
- 4) Сақтанушының сақтандыру жағдайы бойынша шығыстарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;
- 5) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеруге және келтірілген экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын, сондай-ақ оны жою құнын белгілеуге кедергі жасауы;
- 6) Сақтанушы сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға қарсы талап ету құқығынан бас тартқан немесе осы құқықты Сақтандырушыға беруге қажетті құжаттарды ұсынудан бас тартқан болса. Егер мұндай бас тарту жағдайында сақтандыру төлемі бұрын төленген болса, Сақтандырушы төленген соманы толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы.

**12.3.** Сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыға хабарлама берілмеуі немесе кешіктіріліп берілуі Сақтанушының еркінен тыс себептермен болған жағдайда және бұл жағдай тиісті құжаттармен расталған болса, бұл факт сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз бола алмайды.

**12.4.** Егер сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз бар болса, Сақтандырушы талап түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде талап қойған тұлғаға жазбаша түрде толық немесе ішінара бас тарту туралы шешімді, бас тарту себептерінің негізделген түсіндірмесімен және Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) Қазақстан Республикасының заңнамасындағы ерекшеліктерді есепке ала отырып, сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламамен бірге жіберуге міндетті.

**12.5.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады, егер сақтандыру жағдайы келесі себептермен туындаса:

- 1) Соғыс қимылдары, азаматтық соғыс, кез келген сипаттағы халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;
- 2) Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар (мысалы: жер сілкінісі, су тасқыны, өрт және т.б.).

**12.6.** Сақтандырушы осы бөлімде тікелей көрсетілмеген себептер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы емес.

**12.7.** Сақтандырушының сақтандыру төлемінен бас тарту шешімі Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) және (немесе) Пайда алушы тұлға тарапынан сот тәртібімен дауласуға жатады, бірақ бұл жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сақтандыру омбудсманы арқылы дауды шешу тәртібі сақталуы тиіс.

### **13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ**

**13.1.** Сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылған болып есептеледі:

- 1) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған кезде;
- 2) Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы кезінде;
- 3) Сақтандырушы сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін (төлемдерін) жүзеге асырған жағдайда.

**13.2.** Міндетті экологиялық сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерде қайтаруға құқығы бар:

<b>№ р/с</b>	<b>Сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап оны мерзімінен бұрын тоқтату кезіне дейін өткен мерзімі</b>	<b>Сақтандырушы ұстайтын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен)</b>
1	1 айға дейін қоса алғанда	20
2	1 айдан 2 айға дейін қоса алғанда	30

<u>3</u>	<u>2 айдан 3 айға дейін қоса алғанда</u>	<u>40</u>
----------	--	-----------

4	3 айдан 4 айға дейін қоса алғанда	50
5	4 айдан 5 айға дейін қоса алғанда	60
6	5 айдан 6 айға дейін қоса алғанда	70
7	6 айдан 7 айға дейін қоса алғанда	75
8	7 айдан 8 айға дейін қоса алғанда	80
9	8 айдан 9 айға дейін қоса алғанда	85
10	9 айдан 10 айға дейін қоса алғанда	90
11	10 айдан 11 айға дейін қоса алғанда	95
12	11 айдан астам	100

**13.3.** Сақтандыру сыйлықақысын қайтару сомасы міндетті экологиялық сақтандыру шартын бұзуға өтініш берілген кезден бастап есептеледі.

#### **14. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

**14.1.** Міндетті экологиялық сақтандыру қатынастары бойынша туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

#### **15. МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**15.1.** Егер міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша даулы жағдай туындаса, Сақтанушы (Пайда алушы) келесі әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы:

- 1) Сақтандырушыға (оның ішінде оның филиалы, өкілдігі немесе интернет-ресурстары арқылы) жазбаша өтініш жолдау, талаптарының мәнін көрсету және талаптарды растайтын құжаттарды қоса тіркеу немесе
- 2) өтінішті міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе немесе «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа жолдау.

**15.2.** Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінішті қарап, дауды реттеудің әрі қарайғы тәртібі көрсетілген жазбаша жауапты ұсынуға міндетті.

**15.3.** Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының, жәбірленушінің (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды ұсынуға міндетті.

#### **16. ҚОСЫМША ШАРТТАР**

**16.1.** Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

**16.2.** «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының № 94-V Заңына сәйкес Сақтанушы өзінің қолтаңбасымен Сақтандырылғанның (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және Сақтандырушының не Сақтанушының, Сақтандырылғанның (пайда алушының) дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды, оның ішінде келесіге:

- 1) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» акционерлік қоғамынан (бұдан әрі-Бюро) деректер алуына;
- 2) Мемлекеттік дерекқор иелерінің Бюроға Сақтанушы (Сақтандырылған, Пайда алушы) туралы мәліметтерді тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы ұсынуына;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен үкіметтердің шешімі бойынша Мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушы, Сақтандырылған (пайда алушы) Бюро және Бюро арқылы сақтандырушы туралы қолда бар және болашақта келіп

түсетін ақпаратты ұсынуына.

- 4) Дербес деректерді шекара асырып (трансшекаралық) беруге, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беруге;
- 5) Сақтандырушы қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

**16.3.** Жеке деректердің сақтау мерзімін Сақтандырушы оларды сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін өзі белгілейді. Дербес деректер Сақтандыру шартының және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының қызметтік мақсаттары үшін пайдаланылады.

**16.4.** Сақтандырушы немесе үшінші тұлғаның тарапынан жеке деректерді жинауы мен өңдеуіне қатысты Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) жазбаша түрде келісім алуға міндетті, оның ішінде жоғарыда көрсетілген 1)–5) тармақшаларға, 16.2 тармағына сәйкес келісімді қамтиды.

**16.5.** Сақтандырушы 16.2 - тармақтың 1) - 5) тармақшаларында санамаланған келісімді қоса алғанда, Сақтандырылғанның (пайда алушының) жеке деректерін Сақтандырушымен немесе үшінші тұлғаның тарапынан жинауына және өңдеуіне Сақтандырылғанның (пайда алушының) келісімінің болмауына байланысты жауапкершілікке тартылады.

**16.6.** Сақтандырушы «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2-бабы 1 - тармағының және 2 - тармағының екінші бөлігіне сәйкес Сақтандырушының интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдаланған кезде Қазақстан Республикасының жеке деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жеке деректерді жинау мен өңдеуді жүзеге асыру кезінде жеке деректерді қорғауды қамтамасыз етеді.